

БЕКІТЕМІН

«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік
университеті» КЕ АҚ

Басқарма Төрағасы – Ректоры

 М. Байжұманов

« 25 » 05 2023 ж.










**«М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ
ТАРАЗ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ
ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Тіркеу № 21

Тараз, 2023

© «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ зияткерлік меншігі болып табылады. Қайта басуға және/немесе үшінші тараптарға беруге тыйым салынады.

АЛҒЫСӨЗ

1. ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:	Ғылым және коммерцияландыру департаментінің директоры Кабдушев А.А.	 /КОЛЫ/	22.05.2023 ж.
	Ғылыми-зерттеу қызметі бөлімінің бастығы Жанкуанышев М.К.	 /КОЛЫ/	22.05.23 ж.
2. ЕНГІЗГЕН	Ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор		
3. ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ	3 жыл		
4. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ	Бірінші рет		
5. ТАРАТЫЛСЫН	Университеттің диссертациялық кеңестеріне, Ғылым және коммерцияландыру департаментіне		
6. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ	«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ Басқарма Төрағасы – Ректорының « 25 » 05 2023 ж. № 194 бұйрығымен		
7. КЕЛІСІЛГЕН:	Басқарма мүшесі – стратегиялық дамыту және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есимова Ш.А.	 /КОЛЫ/	05.06.2023 ж.
	Басқарма мүшесі - ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор Орынбаев С.А.	 /КОЛЫ/	24.05.23 ж.
	Персоналды басқару қызметінің бастығы Есмаханов Б.Ж.	 /КОЛЫ/	23.05.23 ж.
	Заң кеңесшісі Қайназарова М.Б.	 /КОЛЫ/	23.05.23 ж.
	Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің бастығы Лайык С.М.	 /КОЛЫ/	23.05.23 ж.

Бұл құжатты «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара басып шығаруға, көбейтуге және таратуға болмайды.

МАЗМҰНЫ

1. ҚОЛДАНУ АЯСЫ.....	4
2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
3. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	4
3.1 Негізгі ұғымдар	4
3.2 Негізгі қысқартулар	4
4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР	5
5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	5
6. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	6
7. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ	7
8. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	7
9. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ	9
10. СЫРТҚЫ МЕКЕМЕЛЕРМЕН ЖӘНЕ УНИВЕРСИТЕТТІҢ ІШКІ ҚҰРЫЛЫМДАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС	16
Қосымша 1. «Диссертациялық кеңес мүшелігіне үміткерлер туралы ақпарат» нысаны	17
Қосымша 2. «Диссертациялық кеңес жұмысы туралы есеп» нысаны	18
Қосымша 3. «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ Әдеп кеңесінің қорытындысы» нысаны	19
Қосымша 4. «Ресми рецензенттің жазбаша пікірі» нысаны	20
Қосымша 5. «Диссертациялық кеңес мүшелерінің қатысу парағы» нысаны	24
Қосымша 6. «Докторант туралы мәліметтер» нысаны	25
Қосымша А. Танысу парағы	26

1. КОЛДАНУ АЯСЫ

1.1 Бұл ереже «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ-да құрылған және жұмыс істейтін диссертациялық кеңестердің қызметін ұйымдастыру мақсатында әзірленген.

1.2 «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ диссертациялық кеңесі (бұдан әрі – Диссертациялық кеңес) – докторанттардың диссертацияларын қорғайтын және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитетіне философия ғылымдарының докторы (PhD), бейін бойынша докторғылыми дәрежесін беру туралы өтінішхат беретін алқалы орган.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

ҚР Заңы	«Ғылым туралы» ҚР Заңы, 18 ақпан 2011 жыл.
Үлгі ереже	ҚР Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 31 наурызда №126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереже (ҚР Ғылым және жоғары білім Министрінің м.а. 2023 жылғы 9 қаңтардағы №7 бұйрығымен енгізілген өзгертулерімен).
Қағидалар	ҚР Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 31 наурызда №127 бұйрығымен бекітілген дәрежелер беру қағидалары.
УСТ 01	«Құжатталған ақпаратты басқару» университет стандарты.
УСТ 02	«Құжаттар мен сапа менеджменті жүйесін құруға, баяндауға және рәсімдеуге қойылатын талаптар» университет стандарты.

3. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Негізгі ұғымдар

Осы ҚЕ келесі ұғымдар қолданылады:

Диссертация	философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор даярлаудың білім беру бағдарламасының аясында нақты мамандық бойынша Қазақстан Республикасында немесе шетелде қорғалған біліктілікті айқындайтын ғылыми жұмыс;
Диссертациялық кеңес	докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жанындағы алқалы органдар;
Философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор	ғылыми-педагогикалық бағыт немесе кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерде диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәрежелер.

3.2 Негізгі қысқартулар

Осы ҚЕ келесі қысқартулар қолданылады:

Комитет	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің
---------	---

ҰМҒТСО	Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті; «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамы;
ЖОО	жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;
Университет АРЖСҚ бөлімі ҚЕ	«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ; Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімі; қызметтік ереже.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

- 4.1 Осы ҚЕ университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор бекітеді.
- 4.2 Осы құжаттың енгізілуі бойынша жауапкершілік Басқарма мүшесі – ғылым және цифрландыру жөніндегі проректорға жүктеледі.
- 4.3 Осы құжаттың УСТ 01 «Құжатталған ақпаратты басқару» талаптарына сәйкестігіне құжатты әзірлеуші жауапты.
- 4.4 Осы рәсімге жетекші әрі оны басқаруға жауапты тұлға Басқарма Мүшесі – ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор болып табылады.
- 4.5 Үрдістің нақты кезеңдерін жүзеге асыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және үйлестіру, құжаттаманы басқару және түпкілікті нәтижелердің сапасы үшін жауапкершілік бөлімшелердің басшыларына, сондай-ақ белгілі бір кезеңді жүзеге асыруға қатысушылар болып табылатын лауазымды тұлғаларға жүктеледі.
- 4.6 Бөлімшеде орналасқан осы құжаттың сақталуына және рұқсатсыз көшірілуіне, сондай-ақ қызметтік ақпараттың тарап кетуіне бөлімше басшылары жауапты болады.
- 4.7 Осы құжатты әзірлеу, рәсімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу УСТ 01 құжатына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- 4.8 Осы құжаттың бекітілуі тиісті лауазымды тұлғалармен жүзеге асырылады.
- 4.9 Түпнұсқаны университеттің аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөліміне сақтауға беруге әзірлеуші жауапты.
- 4.10 Осы құжаттың есептік жұмыс көшірмелері осы үрдістің қатысушылары болып табылатын университеттің тиісті құрылымдарына жіберіледі. Аталған құжатты көбейту жауапкершілігі «Dulaty University» баспасының директорына жүктеледі.
- 4.11 Түпнұсқалардың сақталуына университеттің аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімі жауапты.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ диссертациялық кеңесі туралы осы ереже Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы» Заңының 4-бабының 13-тармақшасының, Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ереженің (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 9 қаңтардағы №7 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген Ғылыми дәрежелер беру қағидалары талаптарына сәйкес әзірленді.

5.2 «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ диссертациялық кеңесі Комитет төрағасының 2023 жылғы 29 наурыздағы №141 бұйрығына сәйкес Комитетпен 3 күнтізбелік жылға құрылды.

6. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

6.1 Диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің (бұдан әрі – Комитет) диссертациялық кеңестің қызметін ұйымдастыру туралы шешіміне сәйкес университетте 3 күнтізбелік жыл мерзімге құрылады.

6.2 Диссертациялық кеңес құру үшін университет Комитетке тиісті ұсынысты келесі құжаттармен бірге жібереді:

- 1) ілеспе хат;
- 2) білім беру бағдарламаларының Білім беру бағдарламаларының тізбесінде болуы туралы мәліметтер;
- 3) докторантураның тиісті кадрлар даярлау бағыты бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысының болуы туралы мәліметтер;
- 4) осы ҚЕ 1-қосымшасындағы нысан бойынша толтырылған диссертациялық кеңес мүшелігіне үміткерлер туралы мәліметтер;
- 5) қолданыс мерзімдерін көрсете отырып, мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінің, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензиялық жүйелерінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесі;
- 6) докторантураның білім беру бағдарламасының аккредиттеуден өткені туралы куәлік.

6.3 Университет диссертациялық кеңестің қызметін ұйымдастыру жөніндегі комитеттің шешіміне сәйкес оны ашу, тұрақты мүшелерін бекіту және диссертациялық кеңес туралы ережені әзірлеу бойынша жұмыстарды ұйымдастырады.

6.4 Диссертациялық кеңес:

- докторант ұсынған диссертациялық жұмыстың немесе жарияланған мақалалар топтамасының Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 5-1 тармағының талаптарына, Қағидаларда белгіленген критерийлерге сәйкестігін анықтайды;
- диссертацияны ашық түрде қорғауды өткізеді;
- Комитетке әрбір күнтізбелік жылдың соңында осы ҚЕ 2-қосымшасындағы нысан бойынша толтырылған диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп береді.

6.5 Университет мыналарды қамтамасыз етеді:

- диссертациялық кеңестің отырыстарын өткізу және диссертацияларды ашық қорғау бойынша, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, бағдарламалық-техникалық құралдарды қолдану арқылы қажетті жағдайлар жасау;
- мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінде, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша диссертацияларды тексеру;
- диссертациялық кеңестің қызметіне байланысты шығындарды, оның ішінде диссертациялық кеңес мүшелерінің іссапар шығындарын өтеу.

6.6 Диссертациялық кеңес университеттің веб-сайтында диссертацияны қорғауға қажетті құжаттарды, диссертация қорғау бойынша кеңес отырысы және оның нәтижелері туралы ақпаратты, осы ҚЕ талаптарына сәйкес диссертациялық кеңес жұмысы туралы жыл сайынғы есептерді ашық жариялауды қамтамасыз етеді, сонымен қатар білім алатын докторанттар мен диссертацияларын қорғауға ұсынған докторанттармен консультативтік-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

6.7 Диссертациялық кеңес диссертацияларды қорғау бойынша қабылданған шешімдердің сапасына, шынайылығына және негізділігіне; Үлгі ережеге және осы ҚЕ талаптарына сәйкес диссертацияларды ұсыну және қорғаудың рәсімдік мәселелерінің сақталуына; қызметі туралы уақытылы есеп беруге жауап береді.

6.8 Диссертациялық кеңесті жабу үшін мына жағдайлар негіз болып табылады:

1) Комитеттің докторантқа дәреже беруден бас тартуға немесе диссертацияны пысықтауға немесе қайта қорғауға жіберуге негіз болған осы кеңесте қорғалған диссертациялар бойынша 3 және одан да көп шешімі;

2) докторантураның тиісті кадрлар даярлау бағыты бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиясынан айыру;

3) докторантураның білім беру бағдарламасының аккредиттеу мерзімінің аяқталуы.

Диссертациялық кеңестің осы талаптарды 3 реттен артық бұзуы диссертациялық кеңестің жабылуына негіз болып табылады.

7. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

7.1 Диссертациялық кеңестің функцияларына мыналар жатады:

1) диссертация қорғауға құжаттарды қабылдау;

2) диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді қабылдау, қорғау күнін және уақытын тағайындау;

3) диссертациялық кеңес мүшелерінің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі – Диссертациялық кеңестің комиссиясы) құру;

4) диссертацияны ашық түрде қорғауды өткізу;

5) диссертацияны қорғау нәтижесі бойынша жасырын дауыс беру кезінде диссертациялық кеңес мүшелерінің дауыстарын санау үшін диссертациялық кеңес мүшелері арасынан Есеп комиссиясын (бұдан әрі – диссертациялық кеңестің есеп комиссиясы) құру;

6) диссертация бойынша шешім қабылдау.

8. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

8.1 Диссертациялық кеңестің құрамы ғылыми дәрежесі бар (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор) немесе академиялық дәрежесі бар (философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор) немесе дәрежесі бар (философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор) кемінде 6 адамнан құрылады.

8.2 Диссертациялық кеңес мүшелерінің кемінде 50%-ы басқа жоғары оқу орындарының, ғылыми және (немесе) басқа ұйымдардың өкілдері болуы тиіс. Диссертациялық кеңестің жұмысына жоғары ғылыми метрикалық көрсеткіштері бар және Scopus дерекқорының Cite Score бойынша $P \geq 35$ көрсеткіші бар шетелдік ғалымдардың да қатысуы қамтамасыз етілуі тиіс.

8.3 Диссертациялық кеңес тұрақты (50%) және уақытша (50%) мүшелерден құрылуы керек.

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері ретінде төраға, төрағаның орынбасары және ғалым хатшы болып табылады. Кеңестің тұрақты құрамы Н-индексі ≥ 3 ғалымдардан құралады. Кеңестің тұрақты құрамы және ондағы өзгерістер университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде университеттің Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

Диссертациялық кеңестің уақытша құрамы докторанттың зерттеу тақырыбына байланысты уақытша диссертация қорғау кезеңіне университеттің Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен тағайындалады. Диссертациялық кеңестің уақытша құрамы университеттің Ғылым және цифрландыру жөніндегі проректормен келісе отырып диссертациялық кеңестің тұрақты құрамының шешімі негізінде жасалады.

8.4 Диссертациялық кеңестің уақытша құрамын құру үшін H -индексі ≥ 3 және келесі талаптарға сәйкес рецензияланатын халықаралық журналдарда мақалалары жарияланған ғалымдар тартылады:

1) 8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, 8D06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 8D07 Машина жасау, өңдеу өнеркәсібі және құрылыс өнеркәсібі, 8D08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар, 8D11 Қызметтер мамандар даярлау бағыттары бойынша – Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректеріне сәйкес Q1-Q3 енгізілген басылымдарда немесе ең болмағанда кадрларды даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша Scopus дерекқорының Cite Score сәйкес $P \geq 35$ көрсеткіші бар журналдарда кемінде 3 мақаласы жарияланған;

2) кадрларды даярлаудың басқа бағыттары бойынша – Web of Science Core Collection дерекқорында индекстелген (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences Citation Index бөлімдерінде) және Clarivate Analytics Journal Citation Reports бойынша Q1-Q3 енгізілген басылымдарда немесе ең болмағанда кадрларды даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша Scopus дерекқорында Cite Score $P \geq 35$ көрсеткіші бар журналдарда соңғы 5 жылда кемінде 2 мақаласы жарияланған.

Бұл ретте, 8D01 Педагогикалық ғылымдар, 8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар мамандар даярлау бағыттары бойынша халықаралық рецензияланған басылымда мақаласы жоқ докторант қорғаған жағдайда диссертациялық кеңестің уақытша құрамына кемінде 1 шетелдік ғалым тартылады, ол диссертацияға ауызша пікір беру арқылы диссертациялық кеңестің жұмысына қатыса алады. Ол үшін шетелдік ғалымның негізгі жұмыс орны Academic Ranking of World Universities немесе Times Higher Education World University Rankings немесе US News Best Global Universities Rankings сияқты халықаралық рейтингтер тізіміне енген алғашқы 200 әлемдік университет болуы шарт. Немесе Web of Science Core Collection (Arts and Humanities Citation Index, Social Sciences Citation Index бөлімдерінде) соңғы 5 жылда кемінде 2 мақала және (немесе) шолулар жариялаған болуы керек.

Осы ҚЕ-нің 8.4 тармағының 1) - 2) тармақтарында көрсетілген талаптарға диссертациялық кеңестің уақытша құрамының кемінде 2/3 (үштен екісі) сәйкес келуі керек.

8.5 Диссертациялық кеңестің құрамына:

- 1) университеттің Басқарма Төрағасы – Ректоры;
- 2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қызметкерлері;
- 3) соңғы 5 жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертацияларға ғылыми кеңесшілер болған мамандар кірмейді.

8.6 Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ретінде докторанттың ғылыми кеңесшілері, сондай-ақ докторантпен немесе оның ғылыми кеңесшісімен байланысы бар мына адамдар тағайындала алмайды:

1) жақын туыстар – ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, аға-інілер мен апалар, аталар, әжелер, немерелер, жұбайлар, туыстар;

2) докторант немесе ғылыми кеңесшіқандай да бір еңбек немесе олардан қаржылық әлде өзге де ресурстарды алуды көздейтін басқа да қатынастары бар ұйымдардың қызметкерлері;

3) соңғы 3 жыл ішінде бірлесіп жарияланған мақалалар мен шолулардың бірлескен авторлары.

8.7 Диссертациялық кеңес мүшелері міндетті:

- объективті, толық және сенімді ақпарат беруге;
- диссертацияны қорғауға қатысты мәліметтерді жасыруға жол бермеуге;
- ғылыми этиканы бұзу фактілері анықталған жағдайда әрекет етуге;
- шешім қабылдау барысында қоғамдық пікірдің ықпалына, белгілі бір тұлғаның немесе басқа тараптардың ықпалына түспеуге;
- мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу бойынша шаралар қабылдауға;

- қызмет барысында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін дөрекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды қолданбауға міндеттенеді.

Осы тармақта көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін фактілер анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

9. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

9.1 Диссертация қорғауға ниет білдірген докторант диссертациялық кеңеске келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері;
- 2) кафедрада алдын ала қорғаудан өткеннен кейін докторантқа берілген кафедраның кеңейтілген отырысының оң қорытындысы;
- 3) қазақ немесе орыс тілдерінде немесе ағылшын тілінде дайындалған, қатты мұқабада жасалған және электронды тасымалдағышқа салынған диссертациялық жұмыс (егер диссертациялық жұмыс түрінде қорғалған жағдайда);
- 4) ғылыми еңбектер тізімі және олардың көшірмелері;
- 5) ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату, оның ішінде зерттеу объектілерінің құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғау барысында қандай да бір құқық бұзушылықтың жоқтығы туралы осы ҚЕ 4-қосымшасына сәйкес университеттің Әдеп кеңесінің қорытындысы (жануарлар дүниесі мен қоршаған ортасы нысандары жағдайында).

Көрсетілген құжаттарды диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы тіркейді және оларды 2 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде диссертациялық кеңеске ұсынады.

9.2 Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы диссертацияны қорғауға қабылдау үшін кеңестің отырысын өткізеді, онда осы ҚЕ 8-бөлімінің талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындайды.

9.3 Диссертациялық кеңес құжаттарды қабылдаған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей:

- диссертацияны қорғау күнін анықтайды (келесі 3 айдың ішіндегі бір күнінде). Бұл ретте, докторанттардың құжаттарын қабылдау кезегінің сақталуы керек;
- докторлық зерттеу саласы бойынша кемінде 5 ғылыми мақала жариялаған және ғылыми дәрежесі бар (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), философия докторы) немесе академиялық дәрежесі бар (философия докторы (PhD), бейінді докторы) немесе философия докторы (PhD), бейінді докторы дәрежесі бар 2 ресми рецензент тағайындайды.

9.4 Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензенттер мен ғылыми кеңесшілердің бір-бірінен тәуелсіздігі принципін басшылыққа алады.

Ресми рецензенттер ретінде келесі тұлғалар тағайындалмайды:

- 1) Комитет қызметкерлері;
- 2) диссертация тақырыбы бойынша жарияланған мақалалардағы докторанттың бірлескен авторлары;
- 3) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (бірлесіп орындаушы) болып табылатын диссертация орындалған және (немесе) ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізіліп жатқан университеттің және (немесе) ғылыми ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері;
- 4) соңғы 3 жыл ішінде диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертацияларға оң қорытынды берген ғылыми кеңесшілер немесе ресми рецензенттер болған мамандар.

9.5 Диссертациялық кеңес университет сайтында докторанттардың қорғауы және кеңес қызметі туралы келесі материалдарды орналастырады:

1) докторанттың өзі, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензенттер туралы мәліметтер, диссертацияны ұсыну нысаны, қорғау күні мен уақыты, мекенжайы көрсетілген алдағы қорғау туралы хабарлама (тұрақты негізде қорғау күні белгіленгеннен (1 ай бұрын қолжетімді болуы керек));

2) диссертация (қорғау күнінен 1 ай бұрын), сондай-ақ мұқаба бетінде тиісті жазбалары бар диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша өзгертілген оның барлық нұсқалары (тұрақты негізде қолжетімді);

3) жалпы көлемі 15 беттен аспайтын қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі аңдатпа (қорғау күнінен 1 ай бұрын). Аңдатпада диссертация тақырыбы, зерттеудің мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, қорғауға ұсынылған негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да қорытындылар), негізгі зерттеу нәтижелерінің сипаттамасы, зерттеудің негіздемесі, алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығы, ғылымды дамыту бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрбір басылымды дайындауға қосқан үлесін сипаттау көрсетіледі;

4) докторанттың жарияланымдар тізімі (қорғау күнінен 1 ай бұрын);

5) ғылыми кеңесшілердің пікірлері (қорғау күнінен 1 ай бұрын), қорғаудан кейін кемінде 5 ай ішінде қолжетімді;

6) осы ҚЕ 5-қосымшасындағы нысан бойынша ресми рецензенттердің пікірлері (қорғау күніне дейін 5 жұмыс күні бұрын);

7) қорғаудың монтажсыз толық көлемде түсірілген бейнежазбасы (қорғаудан кейін 5 жұмыс күні ішінде орналастырылған және қорғаудан кейін кемінде 5 ай бойы қолжетімді);

8) диссертациялық жұмысты пысықтауға, қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту туралы диссертациялық кеңестің қорытындысы (қорғаудан кейін 5 жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 ай бойы қолжетімді);

9) апелляциялық комиссияның шешімі (бар болған жағдайда, шешім қабылданғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылданғаннан кейін кемінде 5 ай ішінде қолжетімді);

10) осы ҚЕ 2-қосымшасына сәйкес диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 жұмыс күні ішінде орналастырылады);

11) қорғау күнін, уақыты мен орнын өзгерту, сондай-ақ ресми рецензенттерді ауыстыру (болған жағдайда) туралы хабарландырулар;

12) диссертациялық кеңестің құрамы және диссертациялық кеңес қызметінің тәртібі туралы мәліметтер;

13) қолданылу мерзімін көрсете отырып, мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелері, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша ақпарат;

14) ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату, оның ішінде зерттеу объектілерінің құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғау барысындақандай да бір құқық бұзушылықтың жоқтығы туралы осы ҚЕ 4-қосымшасына сәйкес университеттің Әдеп кеңесінің қорытындысы (жануарлар дүниесі мен қоршаған ортасы нысандары жағдайында).

15) диссертациялық кеңес отырысын online режимінде бейнеконференция түрінде ұйымдастыру туралы ақпарат.

9.6 Диссертациялық жұмыс университет сайтында орналастырылғаннан және (немесе) диссертация қабылдағаннан кейін (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын материалдары бар диссертациялар қорғалған жағдайда) оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Диссертациялық жұмыс пысықталған жағдайда оның соңғы нұсқасы философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін

беру туралы шешім қабылданғаннан кейін университет сайтында «Диссертациялық жұмыстың соңғы нұсқасы» деген белгімен орналастырылады.

Университет сайтында диссертация мазмұны бойынша бейресми пікірлерді орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі, кейін олар қорғауда таныстырылады. Бейресми рецензиялар диссертациялық кеңестің ғалым хатшысының электрондық поштасына қабылданады. Авторлығын анықтау мүмкін емес және автордың электрондық поштасы жоқ бейресми пікірлер қорғауда қарастырылмайды.

9.7 Алдағы қорғау туралы хабарламаны диссертациялық кеңес диссертация қорғауға қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде Комитетке жібереді және Комитеттің интернет-ресурсында (алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде) орналастырылады.

9.8 Диссертациялық кеңес қорғауға қабылданғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде докторанттың отандық және халықаралық дерекқорлардағы плагиат пайдалануын тексеру үшін «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамына (бұдан әрі –ҰМҒТСО) жібереді. Мұқаба беті мен пайдаланылған әдебиеттер тізімі плагиатқа тексерілмейді.

ҰМҒТСО-ға (плагиатқа тексеру үшін) мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) университет бланкісіндегі ілеспе хат;
- 2) докторанттың өз қолымен жазылған өтініші (өтініш А4 форматындағы ақ қағаз парағында жазылып, докторанттың ұялы телефоны мен электрондық пошта мекенжайы көрсетілуі тиіс, автордың қолтаңбасы қойылуы керек);
- 3) докторанттың жеке куәлігінің көшірмесі;
- 4) ҰМҒТСО қызметі үшін төлем жасалғанын растайтын түбіртектің көшірмесі.

Жоғарыда көрсетілген құжаттар электрондық форматта МҒТСО-ның ресми электрондық пошта мекенжайына жіберіледі.

ҰМҒТСО диссертация мәтінін диссертацияны алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде өзінің интернет-ресурсында ашық түрде орналастырылуын қамтамасыз етеді. Диссертациялық жұмысқа қолжетімділік тұрақты негізде қамтамасыз етіледі.

9.9 Диссертацияның қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштегі көшірмесі университет кітапханасына өткізіледі. Қорғаудан кейін 7 жұмыс күні ішінде диссертацияның электрондық тасымалдағыштағы көшірмелерін диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына тапсырады.

9.10 Ресми рецензенттер диссертацияны және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде осы ҚЕ 5-қосымшасындағы нысан бойынша толтырып, диссертациялық кеңеске жазбаша рецензиялар береді.

Диссертация мақалалар топтамасы түрінде қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша мақалаларының ғылыми деңгейіне түсініктеме береді. Мақала мазмұнының 2/3 (үштен екісі) немесе одан да көп бөлігі докторанттың зерттеу тақырыбына қатысты болмаса, ресми рецензент мақаланы есепке алмайды.

Өз пікірлерінде ресми рецензенттер келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке өтініш берілсін;
- 2) диссертация пысықтауға жіберілсін (диссертация мақалалар сериясы түрінде қорғалмаған жағдайда);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін беруден бас тартылсын.

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей тапсырылады.

Ресми рецензенттерді ауыстыру жазбаша түрде бас тартқан кезде немесе пікір беру мүмкін емес жағдайда жүзеге асырылады. Ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 5 жұмыс күнінен аз уақыт ішінде қабылданса, қорғау күні кейінге қалдырылады.

9.11 ҰМҒТСО анықтамасында, ресми рецензенттердің пікірлерінде және университет сайтындағы бейресми пікірлерде плагиат фактілері көрсетілген жағдайда, диссертациялық кеңестің комиссиясы диссертация плагиатқа тексереді. Тексеру нәтижелерінің қорытындысы диссертация қорғауға дейін 8 жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңеске ұсынылады.

9.12 Диссертациялық кеңес диссертациялық кеңес комиссиясының қорытындысы негізінде (қорғауға 7 жұмыс күнінен кешіктірмей) докторантты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды немесе диссертациялық жұмысты қорғаудан қайтарып алады. Диссертациялық кеңес 2 жұмыс күні ішінде докторантқа қабылданған шешім туралы хабарлайды және тиісті ақпарат университет сайтына орналастырылады.

Докторанттың диссертацияны қорғаудан кері қайтарып алу мүмкіндігі бар, бірақ оны қорғауға дейін 7 жұмыс күнінен кешіктірмей жасауға рұқсат беріледі.

9.13 Диссертациялық кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы докторанттың ғылыми кеңесшісі болған жағдайда, онда олар диссертациялық кеңестің отырысында өз міндеттерін атқара алмайды. Диссертациялық кеңес төрағасының міндеттері төрағаның орынбасарына, төраға орынбасарының және ғалым хатшының міндеттері диссертациялық кеңестің шешімімен кеңес мүшелеріне жүктеледі.

Төраға, төраға орынбасары және ғалым хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда диссертациялық кеңестің отырысы өткізілмейді.

9.14 Диссертациялық кеңес мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі) кеңес отырысына қатысқан жағдайда диссертациялық кеңес отырысы құзыретті болып саналады. Ресми рецензенттер мен диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері кеңес отырысына қатысуға міндетті.

Диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттерге қорғауға бейнеконференция түрінде қатысуға рұқсат етіледі.

Диссертацияны ашық қорғау интернет желісінде тікелей онлайн-трансляция режимінде жүзеге асырылады.

Егер диссертация қолданбалы сипатта болса, онда кеңес отырысына тәжірибелік саланың шақырылған сарапшыларының қатысуына рұқсат етіледі.

Диссертациялық кеңес отырысының бейнеконференция түрінде өткізілетіні туралы хабарламаны диссертациялық кеңес докторантқа, диссертациялық кеңес мүшелеріне, ресми рецензенттерге диссертацияны қорғауға дейін кемінде 5 жұмыс күні бұрын электронды пошта арқылы және университет сайтындаға хабарлама беру арқылы ескертеді.

Диссертациялық кеңес отырысын бейнеконференция түрінде өткізу кезінде мына жағдайлар қамтамасыз етіледі:

- отырысқа қатысушылардың айқын түр-әлпеттері;
- отырысқа қатысушылардың баяндамаларын интернетте үздіксіз бейне және аудио режимде тарату;
- отырыстың бейне және аудио жазбасын жасау;
- диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруін қамтамасыз ету.

Қажет болған жағдайда, диссертацияны қорғау барысында аудармашы маманның немесе тиісті (қазақ немесе орыс, немесе ағылшын) тілдегі презентациялық материалдың болуы қамтамасыз етіледі.

9.15 Диссертациялық кеңес келесі шешімдердің бірін қабылдау үшін жасырын дауыс береді:

1) докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке өтініш беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертациялық жұмыс түрінде қорғалған жағдайда);

3) диссертацияны қайта қорғауға жіберу;

4) докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке өтініш беруден бас тарту.

Диссертациялық жұмыс мәтінінің мәнін өзгертпейтін болмашы ескертулер болса, пысықтауға жіберіледі. Егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармағына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық принципін қоспағанда) ішінара сәйкес келсе, онда ол қайта қорғауға жіберіледі. Академиялық адалдық принципі бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, сенімділік қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы Комитетке өтініш жасалады.

9.16 Докторанттың ғылыми кеңесшілері, тікелей басшылары немесе докторантпен жақын туыстығы бар диссертациялық кеңес мүшелері, сондай-ақ шақырылған мамандар дауыс беруге қатыспайды.

Жасырын дауыс беруге ресми рецензенттер де қатысады, олардың дауыстары диссертациялық кеңес мүшелерінің дауыстарына тең есептеледі.

Жасырын дауыс беру рәсімі басталғанға дейін диссертациялық кеңес мүшелерінің арасынан диссертациялық кеңестің есеп комиссиясы құрылады, ол жасырын дауыс беру қорытындысы бойынша дауыстарды есептеуді жүргізеді және оның қорытындысын жариялайды.

Философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін беру туралы Комитетке өтініш жасау жөніндегі кеңестің шешімі дауыс беруге қатысқан адамдардың 3/4 (төрттен үші) немесе одан да көп бөлігі қолдап дауыс берген жағдайда ғана қабылданды деп есептеледі.

Философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, диссертацияны пысықтауға немесе қайта қорғауға жіберу туралы кеңес шешіміне дауыс беруге қатысқан адамдардың 2/3 (үштен екісі) немесе одан да көп бөлігі қолдап дауыс берген жағдайда қабылданған болып есептеледі. Егер көрсетілген дауыс саны жиналмаса, екінші рет жасырын дауыс беру өткізіледі, онда дауыс беруге қатысқан адамдардың көпшілігі дауыс берсе, диссертацияны пысықтауға немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

9.17 Философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту немесе диссертацияны қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертацияның осы ҚЕ-нің нақты қандай талаптарына сай келмейтінін көрсететін қорытынды жасайды.

Диссертациялық жұмысты қайта қорғау осы ҚЕ-де және Үлгі ережеде белгіленген тәртіп бойынша алдыңғы қорғаудан 6 ай өткеннен кейін ғана рұқсат етіледі. Ол кезде диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері мен ресми рецензенттер құрамы сақталады. Диссертация қайта қорғауға 2 реттен артық жіберілмейді.

9.18 Диссертацияны пысықтауға жіберу туралы шешім қабылдаған жағдайда диссертациялық кеңес диссертация бойынша нақты ескертулерді қамтитын қорытынды қабылдайды.

Пысықталған диссертациялық жұмыс диссертациялық кеңеске 3 ай ішінде ұсынылады, бұл уақытты 3 айдан аспайтын мерзімге ғана ұзартуға болады. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді диссертациялық кеңес докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Белгіленген мерзім ішінде пысықталған диссертациялық жұмыс ұсынылмаса, докторант қайта қорғауға жіберіледі.

Докторант диссертациялық кеңестің ескертулерімен толық немесе ішінара келіспеген жағдайда, ол осы ескертулерге дәлелді жауаптар ұсынады.

Пысықталған диссертациялық жұмыс плагиатқа тексеру үшін ҰМҒТСО-на жіберіледі. ҰМҒТСО анықтамасын алғаннан кейін диссертациялық кеңес ресми рецензенттермен бірлесіп, диссертациялық кеңестің ескертулерін жою мақсатында пысықталған диссертациялық жұмысты және ескертулерге (бар болса) жауаптарды талқылау үшін отырыс өткізеді. Кеңес отырысы осы ҚЕ-нің 9.14-тармағында белгіленген тәртіпке сай өткізіледі. Бұл кезде кеңес отырысының бейнежазбасы интернетте онлайн-трансляциясыз түсіріледі.

Талқылаудан кейін қарапайым көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы ғылыми дәреже беру үшін Комитетке өтініш беру немесе диссертацияны қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

9.19 Қорғау рәсімі аяқталғаннан кейінгі 7 күнтізбелік күн ішінде диссертация және ол бойынша материалдар ҰМҒТСО-ға диссертацияны мемлекеттік тіркеу үшін жіберіледі. ҰМҒТСО-ға төмендегідей құжаттар тапсырылады (қағаз форматта (түпнұсқада)):

1) университет бланкісінде шығарылған, диссертациялық кеңестің төрағасы қол қойған ілеспе хат;

2) А4 форматындағы қалың қағазға екі жағынан басып шығарылған диссертацияның есепке алу карточкасы (3 дана қазақ тілінде, 3 дана орыс тілінде) (докторанттың аты-жөні жеке куәлік бойынша көрсетілуі тиіс);

3) А4 форматындағы қағаздың бір жағында басылған, мұқаба бетіне автордың қолтаңбасы қойылған, түптелмеген диссертация;

4) диссертацияның қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі аннотациялары;

5) ғылыми жарияланымдар тізімі (автордың және ғылыми хатшының қолымен, университеттің мөрімен расталған);

6) CD-дискіге электрондық нұсқалары жазылған мынадай құжаттар:

- doc. (word) форматында: диссертация, диссертацияның есеп алу карточкасы (қазақ және орыс тілдерінде), аннотациялар;

- pdf. форматында: жарияланымдар тізімі (қолтаңбасы мен мөрі бар сканерленген көшірме).

Жоғарыда аталған 1-6-тармақтардағы құжаттар бауы бар қағаз папкаға салынуы тиіс. Қағаз папканың бетіне мұқаба парағы жабыстырылуы қажет.

9.20 Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы докторанттың аттестациялық ісін жасақтайды, ол диссертациялық кеңесте докторлық диссертация қорғалғаннан кейін күнтізбелік 30 күн ішінде Комитетке жіберіледі. Докторанттың аттестациялық ісінде келесі құжаттар болуы тиіс:

Қағаз форматта (түпнұсқалар):

1) ғылыми хатшы қол қойған докторанттың аттестациялық ісіндегі құжаттардың тізімі;

2) университет бланкісінде рәсімделген, диссертациялық кеңестің төрағасы қол қойған, диссертацияның ҰМҒТСО-ға жіберілген күні көрсетілген ілеспе-қолдау хат (қазақ тілінде немесе қазақ және орыс тілдерінде);

3) төраға және ғылыми хатшы қол қойған, диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының хаттамасы (қажет болған жағдайда пысықталған диссертациялық жұмысты талқылау бойынша);

4) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар тізімі (кесте түрінде, әр бетінде автордың (докторанттың) және ғылыми хатшының қолдары қойылған);

5) диссертацияның есепке алу карточкасы (парақтың екі жағында мәтіні бар қалың қағазға басып шығарылған (бөлек қазақ және орыс тілдерінде), сондай-ақ оларды ҰМҒТСО-ға жіберу туралы ілеспе хат (қазақ тілінде немесе қазақ және орыс тілдерінде);

6) диссертацияны плагиатқа тексеру жөніндегі ҰМҒТСО анықтамасы;

7) осы ҚЕ 5-қосымшасындағы нысан бойынша толтырылған, ғылыми хатшы қол қойған диссертациялық кеңес мүшелерінің мәжіліске қатысу парағы;

- 8) докторантураның кәсіптік оқу бағдарламасын игеру туралы транскрипт;
- 9) осы ҚЕ 6-қосымшасындағы нысан бойынша толтырылған, ғылыми хатшы қол қойған докторант туралы мәліметтер (фотосуреті бар);
- 10) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың көшірмелері, дипломдар қосымшаларының көшірмелері;
- Электрондық форматта:
- 12) жоғарыда көрсетілген 1-11-тармақтардағы құжаттардың электрондық нұсқалары;
- 13) диссертация (doc. (word) форматында);
- 14) диссертация (pdf. форматында);
- 15) ғылыми кеңесшілердің пікірлері (pdf. форматында);
- 16) екі ресми рецензенттің пікірлері (pdf. форматында);
- 17) бейресми пікірлер (бар болған жағдайда) (pdf. форматында);
- 18) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар тізімі (қолтаңба қойылмаған, doc. (word) форматында);
- 19) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдардың көшірмелері (pdf. форматында, бір файлға біріктірілген);
- 20) осы ҚЕ 6-қосымшасындағы нысан бойынша толтырылған докторант туралы мәліметтер (doc. (word) форматында);
- 21) youtube.com платформасында орналастырылған, диссертацияны қорғау бойынша диссертациялық кеңес отырысының бейнежазбасына сілтеме;
- 22) диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының бейнежазбасы.

Электрондық құжаттар файлдарының атаулары қысқа болуы керек, онда докторанттың аты-жөні жазылмауы тиіс.

Аттестациялық істе 2 компакт-диск қоса беріледі. Бірінші (CD форматындағы) дискіде 1-21-тармақтарда көрсетілген аттестациялық іс құжаттарының электрондық нұсқалары жазылады. Екінші (DVD форматындағы) дискіде диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының толық бейнежазбасы жазылады.

Қағаз форматта дайындалған аттестациялық іс құжаттары (жоғарыдағы 1-11 тармақтарында көрсетілген), қағаз түптегішке (скоросшиватель) жиналуы керек. Оның бетіне мұқаба парағы желімделуі керек. Түптегіштің ішкі жағына конверт жабыстырылады, оған жоғарыда аталған 2 диск салынады. Әр диск дискілерге арналған жеке қағаз конвертке салынады. Әр диск конвертінің сыртына шағын мұқаба парағы жабыстырылады.

Түптегіште жиналған құжаттар бауы бар қағаз папкаға салынады. Қағаз папканың бетіне де мұқаба парағы жабыстырылады. Осылайша, докторанттың аттестациялық ісі Комитетке қағаз папка түрінде жіберіледі.

9.21 Комитет немесе диссертациялық кеңес теріс шешім қабылдаған диссертация осы ҚЕ-нің 9-тарауында белгіленген тәртіппен қайта қорғауға жіберіледі.

Диссертациялық кеңес диссертациялық жұмысты қайта қорғауға жіберу кезінде диссертациялық кеңес мүшелерінің арасынан 3 адамды тағайындайды, олар диссертацияда бұрын анықталған кемшіліктердің жойылғаны туралы қорытынды жасайды. Қорытынды қорғауға дейін кемінде 10 жұмыс күні бұрын университет сайтында орналастырылады және диссертация қорғауында оқылады.

9.22 Докторант, ізденуші философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы Комитеттің шешіміне бұйрық шығарылған күннен бастап күнтізбелік 60 күн ішінде апелляция беруге құқылы. Докторанттың өзі еркін түрде дайындаған апелляция Комитетке жіберіледі. Осы тармақта көрсетілген мерзім өткеннен кейін берілген апелляция қарауға қабылданбайды.

9.23 Апелляциялық комиссияның оң қорытындысы және диссертация соңғы шешім қабылдау үшін 15 күнтізбелік күн ішінде Комитетке жіберіледі.

Апелляциялық комиссияның шешімі қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде докторантқа хабарланады және университет сайтында орналастырылады.

9.24 Осы ҚЕ реттелмеген дау-дамайлар, оның ішінде философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы Комитетке өтініш жасау, апелляциялық шағым беру мерзімін қалпына келтіру мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген сот тәртібімен шешіледі.

9.25 Диссертациялық кеңес күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін осы ҚЕ 2-қосымшасындағы нысанға сәйкес диссертациялық кеңестің жұмысы туралы жылдық есеп дайындайды. Есеп қазақ және орыс тілдерінде дайындалады. Жылдық есептерге диссертациялық кеңестің төрағасы мен ғалым хатшы қол қояды, университеттің мөрімен расталады. Есептердің екі тілдегі сканерленген көшірмелері электронды форматта ілеспе хатпен бірге Комитетке жіберіледі және күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 жұмыс күні ішінде университет сайтында орналастырылады.

10. СЫРТҚЫ МЕКЕМЕЛЕРМЕН ЖӘНЕ УНИВЕРСИТЕТТІҢ ІШКІ ҚҰРЫЛЫМДАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

10.1 Диссертациялық кеңес қорғау нәтижелері бойынша оң шешім алған диссертациялар жөнінде философия докторы (PhD) немесе бейін бойынша доктор дәрежесін беруге өтініш жасау кезінде, сондай-ақ өз қызметі туралы жылдық есептерді ұсыну кезінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетімен ресми қарым-қатынас жасайды.

10.2 «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамымен – диссертацияны плагиатқа тексеруге жіберу кезінде ресми қарым-қатынас жасайды.

10.3 Университеттің ішкі бөлімшелерімен – кафедралармен, институттармен, факультеттермен, қызметтермен және кафедралармен диссертациялық кеңес өзінің функционалдық қызметін орындау барысында қызметтік қарым-қатынас жасайды.

Қосымша 1

Нысан

Диссертациялық кеңес мүшелігіне үміткерлер туралы ақпарат

№	Толық аты- жөні (мемлекетті к немесе орыс және ағылшын тілдерінде)	Дәрежесі, ғылыми атағы	Негізгі жұмыс орны	Азамат- тығы	Халықаралық ақпараттық Web of Science және Scopus базаларының деректері бойынша Хирш индексі	Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша бірінші үш квартильге кіретін немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын басылымдарда жарияланымдар	Басылымдар тізбесіндегі журналдар- дағы жария- ланымдар
1	2	3	4	5	6	7	8

Қосымша 2

Нысан

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

_____ жанындағы
(ЖОО атауы)
_____ кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңес

Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.
2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).
3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.
4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:
 - 1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;
 - 2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;
 - 3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.
5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).
6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.
7. Философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:
 - 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының).

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Мөр

Мерзімі 20__ жылғы " __ " _____


Қосымша 3
Нысан

**«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ
Әдеп кеңесінің қорытындысы**

1.	Докторанттың ТАӘ	
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3.	Докторантурада оқу кезеңі	
4.	Диссертация тақырыбы, бекіту мерзімі	
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы деректер – Т.А.Ә. (болған жағдайда), жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	
6.	Зерттеу объектілері	
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
8.	Ғылыми зерттеу нәтижелерін е тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
9.	Зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді?	

Әдеп кеңесінің төрағасы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірініші әріптері)

Әдеп кеңесінің хатшысы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірініші әріптері)

«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ диссертациялық кеңес туралы ереже	ҚЕ 4.21 – 2023	
--	----------------	---

Қосымша 4
Нысан

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

№ р/с	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	

		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма?	

		<p>1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p>	
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p>	
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ</p>	
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	

9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	

Диссертациялық кеңес мүшелерінің қатысу парағы

20__ жылғы " __ " _____ диссертациялық кеңестің отырысы, хаттама № __

Докторант _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

_____ кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациясын қорғауы


Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Дәрежесі	Отырысқа қатысуы (қолы)
1	2	3

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Қосымша 6
Нысан

Докторант туралы мәлімет _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))



1	Туған күні және жері, азаматтығы, ұлты	
2	Докторантурада оқығаны туралы мәлімет (ЖОО және оқу мерзімі)	
3	Докторантура мамандығы	
4	Диссертацияның қорғалған орны және күні	
5	Диссертацияның тақырыбы және жазылған тілі	
6	Ғылыми консультанттар (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)	
7	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)	
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:	
	Басылымдар тізбесіндегі басылымдарда	
	Web of science және Scopus базасындағы шетелдік басылымда	
	халықаралық конференция материалдарында, оның ішінде:	
	шетелдік конференция материалдарында	
9	Еңбек жолы	
Дата		Жұмыс орны, лауазымы
Мекен-жайы		Мекен-жайы
Қабылдау мерзімі	Босату мерзімі	
10	Мекен-жайы, байланыс деректері	

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері)

Мөр, мерзімі 20__ жылғы " __ " _____

Қосымша А

(міндетті)

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]